

Ахантаева Ә.Ж., Ахантаева Г.Ж.

Қазақстан. Алматы. ҚазҰАЗУ

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ – АҒАРТУШЫ ҒАЛЫМ

Шоқан Уәлиханов 1835 жылы қазіргі Қостанай облысы аумағында Сарыкөл ауданының Күнтимес қыстауында дүниеге келген. Шоқан – әйгілі Абылай ханның шөбересі, атасы Уәли – Абылайдың ұлдарының ішінен әке тағын иеленіп, қазақ жерінде билік жүргізген соңғы хандардың бірі. Кіші әйелі Айғаным - текті жердің қызы, ол өзінің де, хан әулетінің де ар-намысын, абыройын жоғары ұстайды. Шоқанның Айғаным әжесі ақылды, көреген, бірнеше шығыс тілін меңгерген, орыс мәдениетімен таныс, жергілікті халық ортасында беделі жоғары адам болады. Шоқанның әкесі Шыңғыс 1827 жылы Сібір әскери шекаралық казак училищесіне оқуға түскен. Шыңғыс Уәлиханов орыс тілін жақсы меңгерген, әдебиет пен өнер, тарих, жағрапия және статистика секілді салалардан мәлімет жинаған білімді қазақтардың алғашқылары еді. Училищені тәмамдаған соң, небәрі 23 жасында Аманқарағай округінің, кейін Құсмұрын округінің аға сұлтаны болып тағайындалып, алдымен майор, кейін полковник шенін алады. 1860 жылы Шыңғыс Уәлиханов Көкшетау округінің аға сұлтаны болып сайланады. Шоқанның әкесі Шыңғыс аға сұлтан ретінде Аманқарағай округін билеген. Анасы Зейнептің Мұхаммед-Ханафия дегенге тілі келмей, сәбиін «Қанаш» деп, үлкендердің қасында тапжылмай отырып әңгіме тыңдайтын зерек баланы әжесі Айғаным «Шоқиғаным, шоқиғаным» деп еркелетеді екен. Ақырында оны бүкіл ағайын-туған «Шоқан» деп атап кетеді. Шоқан – ұлы ғалым, географ, тарихшы, фольклортанушы, ағартушы, этнограф, суретші. Араб, шағатай, парсы, орыс тілдерін еркін меңгерген. Шоқанның тұлға болып қалыптасуында ата-ана, қоршаған орта және адамның өз ақылы мен «тектілігі» маңызды рөл атқарады.

1847 жылы 12 жасар Шоқанды әкесі сол кездегі ең таңдаулы оқу орны болып есептелген Сібір кадеті корпусына оқуға орналастырады. Шоқанның

бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ашуда бұл оқу орнының маңызы ерекше болды. Шоқан Омбы кадет корпусында оқығанда өзінің алғырлығының, ізденімпаздығының арқасында үздік оқушы, білім алушылардың көшбасшысында тұрған. С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романында, Шоқан бала күнінде өте сотқар, болғандығын суреттейді. Төрт-бес жасынан тайға мініп алты-жеті жасында асау тайларды үйретсе, сегіз-тоғыз жасынан ірі асауларға да бұғалық салған екен. Бес жанынан мұсылманша хат таныған, бастауыш білімді Күнтимес қыстауындағы Шыңғыс ашқан мектептен алған. Халық мұрасын «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Едіге», «Ер көкше» жырларының нұсқаларын ел аузынан жазып алып хатқа түсірген. 1847 жылы күзде Шоқанды әкесі Омбыға алып келіп, кадет корпусына оқуға орналастырады. Оның рухани өсуіне орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, қазақ, араб, парсы тілдерін білетін шығыстанушы Н.Костылецкий, өркениет тарихы пәнінен сабақ берген айдаудағы поляк оқымыстысы Г.Гонсевский, тарихшы А.Сулоцкий, географ Е.Старков секілді білімдар тұлғалар елеулі ықпал еткен. 14-15 жасар Уәлихановқа мұғалімдері болашақ ғалым, зерттеуші ретінде қараған. Омбы кадет корпусында қызығып оқитын кітаптары – Палластың және Рычковтың жиһанкез өмірлерінен жазылған күнделіктері болған, осы еңбектердің әсерінен болар, Шоқан Азияны аралап, жерді, елді аралап саяхаттағысы келеді.

Шоқан «Мені саяхат сапарына алғашқы қызықтырған адам – Николай Ильич Потанин», - дейді өз естеліктерінде.

Кадет корпусын 1853 жылы он жеті жасында бітірген Шоқан Батыс Сібір генерал губернаторының кеңсесінде қызметке қалдырылады. Осы қызметті атқара жүріп, ол Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясы мен жағрафиясын зерттеуге белсене араласады. 1855 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторымен бірге Семей, Аягөз, Қапал арқылы Алматыға дейін келіп қазақ, қырғыз, ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясының материалдарын жинап, «Тәңірі (күдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбектер жазады.

Ол Жетісуды, Ыстықкөлді, Жоңғария мен Қашқарияны, Тянь-Шаньді алғаш зерттеушілердің бірі, нәтижесінде «Ыстықкөлге саяхат күнделігі», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбектері жазылды. Шоқан отыз жыл ғұмыр кешті, өмірінің соңғы он жылында жүздеген еңбек, мақала, естелік, қолжазбалар, суреттер дайындады. Оның еңбектері туған өлкесі мен Шығыс халықтарының тарихы, материалдық және рухани байлығына сүйіспеншілігі, табиғаты мен географиясын мұқият зерделеуі, Дала халқының бай мұрасын теріп жүріп қағазға түсіріп, ғылыми айналымға енгізді. Ш. Уәлиханов қазақтың әрбір текті ақсақалы өз руының шежіресін анық біледі деп айтқан. Шоқан жазған шежірелік шығармалардың ең әйгілісі – «Абылай», «Қырғыз рулары», «Ұлы жүз туралы», «Ұлы жүздің аңыз-эпсаналары», «XVIII ғ. батырлар жыры», т. б. Ол сонымен қатар тұңғыш рет Тянь-Шаньның сүтқоректі жануарлары мен құстарын зерттеді және олардың таралу заңдылығын анықтап алғаш рет аудандастырды.

Шоқан аз ғұмырында нақтылы іс әрекетімен гуманизмнің биік өресін, ұлтжандылықтың үлгісін, ғылыми қабілеті мен алғырлығының арқасында артында қаншама мұра қалдырып кетті. Шоқан 1865 жылдың сәуірінде қайтыс болады, сүйегі Алтынемел тауының баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылған.

Әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш. Алтышаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 174 бет.
2. Қырғыздар туралы жазбалар // Уәлиханов Ш. Таңдамалы.- Алматы: «Жазушы», 1985, 560 бет
3. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Чокан Валиханов – востоковед. - Алма-Ата: Наука, 1985.- 112 с.(82 с.)
4. Валиханов Ч. Киргизское родословие // Собр. соч. в 5-ти томах. Т.2. – А., 1985. – С. 148-166.